

Жайлауы жас қаламның – албырт сезім

Әлем әдебиетінің бір бөлігі саналатын қазақ поэзиясының орны ерекше, тарихы терең һәм қазыналы. Бүгінге дейін өз бағасын жоғалтпай, дамып, асқақтап, шарықтап келе



жатқан қазақ поэзиясының бәсі жоғары.

22 қараша күні С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханасында Ұлытау облысының жас ақындар жетекшілігімен бастау алған «Ұлар» әдеби клубының тұсауы кесіліп, «Жайлауы жас қаламның – албырт сезім» атты поэзия кеші өткізілді.

Кештің арнайы қонақтары Жанат Алпысұлы Әбдіғожин, Медет Сламұлы Карахметов, Ораз Абай, Сейтқазы Мұқағали, Қанат Жаңабайұлы Мусин, Мәди Жалғасұлы Олжабай және Жоламан Рахметуллаұлы Мағзум сынды жас ақындарымыз өз өлеңдерін оқып, кітапханаға кітаптарын тарту етті.

Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің ұстаздары мен оқушыларыда қалыс қалмады. Өз өлеңдерімен бөлісіп, болашаққа деген зор үмітпен тарқасты.

Осындай кештің тізгінін ұстаған жас таланттымыз, ақын Дәулетхан Тілегенұлына алғысымызды білдіреміз.

Іс – шара мақсаты: өнерге жақын, бойында ақындық қасиеті бар әрбір азаматтың өнерін шыңдау.

“Ең ұлы ақын – жас ақын, бойларында қайраттары тасып тұрған жастарға үміт артамыз”, - деп аудан әкімінің орынбасары Әсет Жұмажанұлы тілек білдірсе, жергілікті жазушымыз Болат Асанов «Қанаттарың талмасын, қарымды қаламдары ұштала берсін», - деп батасын берді.

Кеш барысында өз шығармаларын ортаға салған «Ұлар» деп атау алған жас ақындар тобы ауданымыздың жастар поэзиясына айрықша серпін бергендей.

Гүлзат Жұмасейтова,

С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі